

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943



«Тиімді оқыту мен оқу» курсының

БАҒДАРЛАМАСЫ

72 сағат

Шымкент, 2021ж.

Құрастырған: Қансейтова Ж.Ж. – «Мемлекеттік тілді оқыту» кафедрасының аға оқытушысы, филология магистрі, тренер  
Шойманова М.Б.- фил.ғ.к., «Ағылшын тіл білімі» кафедрасының доценті, тренер

«Мемлекеттік тілді оқыту» кафедрасының мәжілісінде қаралды  
(хаттама № 6 «18» 01 2021ж.)

Кафедра меңгерушісі Тұрабаева Л.Тұрабаева

Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің мәжілісінде талқыланып, ұсынылды  
(хаттама № 2 « 13 » 01 2021 ж.)  
Хатшы Арынбаева Р.Арынбаева

М.Әуезов атындағы ОҚУ ОӘК мәжілісінде мақұлданды және ұсынылды

(хаттама № 4 « 29 » 01 2021 ж.)

ОӘБ жетекшісі Туребекова Г.З.Туребекова

## 1. Түсіндірмелік жазба

«Тиімді оқыту мен оқу» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы Жоғары оқу орындары мен Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлерін оқытуға арналған.

Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту мақсаты – білім беру сапасын қамтамасыз ету арқылы әлемдік деңгейдегі нәтижеге жету. Білім беру сапасын арттыруда тиімді оқу мен оқытудың тәсілдерін дұрыс құрылымдай білуде педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктері өмірлік дағдыларды игеруге бағытталып, білім сапасын бағалау деңгейімен анықталады.

Білім беру бағдарламасы оқытушының білім беру барысында білім алушының оқу, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруда кәсіби құзыреттілігін арттыруға, бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты: педагогтердің қызметіндегі оқу процесін ұйымдастыруда білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша кәсіби біліктіліктерін арттыру.

Бағдарлама міндеттері:

- 1) тыңдаушыларды білім берудегі нәтижеге бағытталған білім сапасын арттыру стратегиясымен таныстыру;
- 2) оқу процесінде сабақты құрылымдаудағы бағалау өлшемдерін үйрету;
- 3) шығармашыл балалармен жұмысты ұйымдастыруда мотивациялық бағалау амалдарын қолдану;
- 4) білім алушының жеке тұлғалық, танымдық ерекшелігіне, қажеттілігіне қарай педагогтік саралауды меңгеруіне ықпал ету;
- 5) психологиялық ахуал негізінде, кері байланыс жасай отырып, кеңес, бағыт беру әдістерін талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру;
- 6) білім алушының өзіндік сыни тұрғыдан баға беру тұжырымын дамытуға бағыттау.

Курс соңында тыңдаушылар:

- 1) педагогтің кәсіби қызметінде оқу процесіндегі бағалау үздіксіз, ұдайы жүргізілетіндігін түсінеді;
- 2) білім алушының тұлғалық ерекшелігіне қарай оқу-танымдық қажеттіліктерін саралай, анықтай алады, критерий арқылы бағалау әдістемесін пайдалана алады;
- 3) педагогтің білім алушымен оқу процесіндегі үздіксіз жұмыс жүргізудегі дамытушы және қайта түзету технологияларын білім беруді қолдаушы факторы ретінде пайдалануды меңгереді.

## 2. Курстың мазмұны

### 1-модуль. Оқудың ынталандырушы және аффектілік теориялары. Оқудың әлеуметтік-мәдени теориясы. (6 сағат)

Оқу туралы көптеген теориялық зерттеулерді гуманистік психологияға негіздеп «мен» тұжырымдамасына баса назар аударудың маңыздылығы. Танымал ғалым Авраам Маслоудың «Мотивацияның иерархиялық моделі». Карл Роджерстің «Мен» тұжырымдамасы туралы идеясы. Өзіндік тиімділікті қалыптастыруға ықпал ететін факторлар (Бандура, 2001). Лев Выготский теориясы, «Жақын арада даму аймағы».

### 2-модуль. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. (8 сағат)

цель, уағ. нолд

Қалай оқу керектігін үйрету. Қалай оқу керектігін үйрету бұл білім алушының «өзін-өзі реттеу» болып табылатынын анықтау. Аудиторияда «оқуды үйрететін» білім ортасын құру. Білім алушыларда «өзіндік мақсат» (Чиксентмихай, 2008) пен «ішкі уәж» (Райан мен Деки, 2009) қасиеттерінің болуына жағдай жасау. Ішкі және сыртқы уәж. Нәтижеге жету мен олардың сапасын бағалау үшін топтық, жұптық, жеке жұмыстарды ұйымдастыру. Тәсілдер туралы идеяларды талқылау. Бүкіл сынып орындайтын жұмыс. Шағын топтардағы жұмыс. Жеке жұмыс. Ширату жаттығулары. Топтық жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары.

### **3-модуль. Оқудағы диалогтың маңызы. (4 сағат)**

Мерсер мен Литлтон, Л.Выготскийдің «Диалогтың маңызы» туралы еңбектері. Оқыту мен оқудағы «білім алушы мен оқытушы», «білім алушы мен білім алушы» арасындағы диалогтың маңызы. Диалогтік оқытуды сабақ барысында тиімді қолданылғанда білім алушылар өз ойларын, көзқарастарын білдіріп, еркін сөйлеуіне, дамуына көмектесетініне көз жеткізу. Аудиториядағы диалогтік әңгімені дамыту. Оқуда қолданылатын әңгімелесу түрлері.

### **4-модуль. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жолдары (4 сағат)**

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Аудиториядағы білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауы. Диалог арқылы сыни ойлауды дамыту (Александр 2001, 2008 жж.) Диалогтың сапасы мен мазмұны. Рефлексивті оқыту. Білім алушының не үйренгені туралы сыни тұрғыдан ойлау.

### **5- модуль. Сұрақ қоюдың маңызы. Жоғарғы дәрежелі сұрақтар қою арқылы білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау деңгейін арттыру (8 сағат)**

«Бастама – жауап – кейінгі әрекет» формасы. Сұрақ қою техникасы (Түрткі болу, Сынақтан өткізу, Қайта бағыттау). «Жуан» және «жіңішке» сұрақтардың айырмашылығы. Білім алушыларды тыңдау және оларға жауап беру. Білім алушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандыру; Шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтау; Жоғарғы дәрежелі сұрақтар қою арқылы білімге құштарлықты дамыту және зерттеуге ынталандыру; Білім алушыларға тиімді сұрақ қою арқылы сыни тұрғыдан ойлауына ықпал ету; Оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтау.

### **6-модуль. Білім алушылардың жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. (6 сағат)**

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны мен құрылымын білу. Критериалды бағалау қағидаттары туралы түсінік қалыптастыру. Қалыптастырушы бағалау үдерісінің ұйымдастырылу жолдарын қарастыру. Оқыту үдерісінде қалыптастырушы бағалау нәтижелерін пайдалану жолдарын қарастыру; Жиынтық бағалау үдерісін ұйымдастыру жолдары. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін интерпретациялау

### **7-модуль. Б.Блумның оқу мақсаттары таксономиясы аясында білім алушыларды белсенді оқыту (4 сағат)**

Таксономия - белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеу. Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру білім алушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп

өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құру ерекшеліктері. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні- білім алушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталуы.

**8-модуль. Оқу сауаттылығының жалпы ережелері: когнитивті және метакогнитивті дағдылар (2 сағат)**

Оқуды тиімді түсіну үшін екі пайдалы стратегия - метакогнитивтік таным және когнитивті стратегиялар. Метакогнитивті хабардар болу оқырманның өз оқу процесін өзін-өзі бағалау қабілеттілігін және белгілі бір оқу тапсырмасында қажетті нәтижелерге қол жеткізу. Когнитивті стратегиялар білім алушыларға оқуды жақсартуға көмектесетін нақты, пайдалы құралдар.

**9-модуль. Білімнің нәтижеге жетуін қамтамасыз етудегі және жаңа сабақты құрылымдаудағы оқытушының рефлексивтік мәдениеті (4 сағат)**

Қазіргі қоғамдағы педагог тұлғасынан – белсенді өмірлік ұстанымы, оптимистік көзқарасы, кез келген жағдайда жеке даралығын сақтап қалу және проблемалық жағдайларда шешім қабылдауда өзіне жауапкершілік алу сияқты сипаттарға ие болуы. Педагог үнемі өзін жетілдіруге, өздігінен білім алуға, педагогикалық құндылықтарын шыңдауға ынталандыру. Педагогтің рефлексиялық қасиеті кәсіби дамуының негізгі шарттары.

**10-модуль. Оқыту қадамдарында нәтижеге бағытталынған «білім алушы-ұстаз-білім алушы» кері байланыс жасау тиімділігі (2 сағат)**

Кері байланыс (ағылш. feedback) – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы. «Сырт көз сыншы» дегендей, мұндай сырт пікірдің өз әрекеттеріңді реттеуге, жақсартуға тигізетін септігі. Кері байланыс үйренудің (білім алу жүйесінің) маңызды ұғымы. Кері байланыс арқылы алынатын мәліметтер әсіресе өз біліміне түзету мен өзгертулер енгізу.

**11-модуль. Білім алушының оқу-танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруда түзету, бағыттау, саралаудағы оқытушының әрекеті (6 сағат)**

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті. Бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен байланыстылығы. Әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіру.

**12-модуль. Талантты және дарынды білім алушыларды жандандыру үшін жекелей оқыту (4 сағат)**

Дарынды және талантты балаларды оқыту барлық кезеңде де өзекті мәселе. Оқытуда барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы ортаны жасау. Дарынды және талантты балаларға қатысты күрделі мәселе. Әртүрлі теориялар мен стратегиялар балаларды оқытудың мазмұнын анықтау үшін тиісті бағдарлама шеңберінде қолданылуы. Білім алушының талантты немесе дарынды екенін анықтау, білім алушының қабілетті болып дүниеге келуі және өз қабілеттерін жүре дамыта алуы.

### **13-модуль. Оқытуды басқару және көшбасшылық (4 сағат)**

Оқытушының көшбасшылығын дамыту жұмыстары. Іс-тәжірибені жетілдіру жұмыстарын өз қолына алу; Өзгерістер енгізу үшін әріптестерімен стратегиялық шешімдер қабылдау; Бірігіп жұмыс істеуде фактілерді жинауға және қолдану; Кәсіби білімді құруға және таратуға атсалысуға міндетті деп анықталуы.

### **14-модуль. Сабақты жоспарлауда SMART- технологияны қолдану (4 сағат)**

Мақсаттар қою және оны мүмкіндігінше нақтылау, оқу мақсаттарын оның нәтижеге жетуі бағдарланатындай етіп анықтау; Оқу материалдарын дайындау мен барлық оқытудың барысын оқу мақсаттарына сай ұйымдастыру; Қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған күнделікті нәтижені бағамдау, оқытуды түзету; Белсенді оқуды қамтитын жаттығулар мен тапсырмалар. Түрлі саралау әдіс-тәсілдері. Құрылымдалған топтық жұмысты белгілеу және жоспарлау

### **15-модуль. Шағын сабақтардың таныстырылымын көрсету және талқылау (6 сағат)**

Әр оқытушы өз пәні бойынша жоспар құрып, шағын таныстырылымын жасайды.

Таныстырылым келесі бағалау критерийі арқылы бағаланады

1. Сабақтың мақсаттары:
  - сабақ мақсаттары пәннің ерекшеліктеріне бағдарланған
  - сабақ мақсаттары білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART (нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы және сабақ шегіндегі уақытқа сай) форматында құрастырылған.
2. Белсенді оқу әдістері
  - әдістерді таңдау пән бойынша тақырыптың мазмұнымен анықталған
  - әдістер оқу мақсаттарына жетуге ықпал етеді
  - әдістер білім алушыларды оқуға тартуға бағытталған
3. Саралау әдістері
  - тапсырмалар білім алушылардың қажеттіліктерін есепке алып сараланған
  - саралаудың әртүрлі тәсілдері жоспарланған (тапсырмалар, дереккөздер, оқушыларды қолдау т.б.)
    - саралау әдістері әрбір білім алушы мақсаттарға жетуге ықпал жасайды
4. Критериалды бағалау
  - бағалау оқу мақсаттарына сәйкес келеді
  - қалыптастырушы бағалау оқуды қолдайды

#### **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
2. Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
3. Қазақстан Республикасында білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
4. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған НҰСҚАУЛЫҚ. Үшінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. © «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. – 304 б.

5. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. Астана, "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014 ж.
6. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. Алматы, 2013 ж.
7. Активные методы преподавания и обучения, Астана 2013, АОО НИШ.
8. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. пособие. / Под ред. О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. - 55 с.